

**Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай
«Әр қазақ - менің жалғызым» атты дәстүрлі фотобайқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже фотобайқауды (әрі қарай – Байқау) ұйымдастыру мен өткізудің мақсат-міндеттерін, қатысушыларды іріктеу тәртібі мен өткізу мерзімін айқындайды.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқау қарапайым еңбек адамдарының бейнесін фотосуреттің портреттік, тақырыптық және өзге де жанры мен түрлерінде ашу мақсатында өткізіледі.

2.2. Байқаудың өзге де мақсаттары:

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің қалыптасуына үлес қосқан қарапайым еңбек адамдарының отансүйгіштік қасиеттерін насихаттау
- Алаш ұстанымдарын насихаттау;
- Жастарды патриотизмге тәрбиелеу;
- Фото өнері саласындағы шығармашылық қабілеттерін айқындап, ашып көрсету;
- Шығармашыл аудиторияның қызметін жандандыру және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің қалыптасуына үлес қосқан қарапайым еңбек адамдарына БАҚ пен жұртшылықтың назарын аудару;

3. Байқау ұйымдастырушылары

3.1. «Ақ жол» демократиялық партиясы (әрі қарай - Ұйымдастырушы).
Ұйымдастырушы:

- Қабылдау өтініштерін жүзеге асырады;
- Байқаудың комиссия құрамын бекітеді;
- Байқаудың қорытындысын жариялайды.

5 адамнан тұратын Байқау комиссиясы:

- Байқау жұмыстарын бағалайды;
- Байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

3.4. Байқау Ұйымдастырушылары Байқау талаптарына сай келмейтін өтініш не жұмыстарды жіберген өтініш білдірушіні Байқауға қатысуға жібермеуге құқығы бар.

4. Байқау талаптары

4.1. Қатысушыларға қойылған іріктеу талаптары келесі:

4.1.1. Байқауға жас ерекшелігіне, мамандығына және қызығушылықтарына қарамастан, Қазақстан Республикасы азаматы болып табылатын тек әуесқой фотографиялар қатыса алады.

4.1.2. Бір автор жұмысының жалпы саны 5 фотосуреттен артық болмауы тиіс.

4.2. Жұмыстарға қойылатын негізгі талаптар:

4.2.1. Байқауға электрондық нұсқадағы фотожұмыстар қабылданып, рецензияланбайды және қайтарылмайды.

4.2.2. Фотосуреттер **2021 жылдың 25 қазанына дейін** <https://forms.gle/RVRdJTvBmmheQPm69> сілтемесіне тіркелу арқылы қабылданады.

4.2.3. Тіркелу барысында әрбір жұмыста автор туралы деректер аты-жөні және жұмыстарының атаулары толыққанды түрде көрсетілуі тиіс.

4.2.4. Байқауға қатысушылардың суреттеріне келесідей техникалық талаптар қойылады:

- JPG/JPEG форматтарында болуы;
- әрбір суреттің көлемі 5 Mb-тан аспауы тиіс;
- фотосуреттердің файлдық атауы «Аты-жөні және реттік нөмірі»

форматында сақтап тіркелуі тиіс.

Мысалы: «Нурланов1.jpg», «Нурланов2.jpg», «Нурланов3.jpg» және т.б.

- Байқауға ұялы телефонға түсірілген суреттерге рұқсат етіледі.

4.2.5. Конкурса қатысу конкурс шарттарымен келісімді білдіреді.

4.2.6. Фотосуреттер автордың әлеуметтік желілерінде [#aqjol_photobaiqau](#) хэштегі мен [@akzhol_partiyasy](#) («Instagram» әлеуметтік желісінде) және [Ақ Жол партиясы](#) («Facebook» әлеуметтік желісінде) аккаунттарын белгілеп салынуы тиіс;

4.2.7. Анықтама телефондары: 8 (7172) 602-673

4.2.8. Электронды пошта: press-akzhol@mail.ru

4.3. Жоба бағалануы:

- Фотобайқаудың тақырыбына сай болуы;
- Орындау техникасы мен сапасы;
- Идеясының өзгешелігі мен жұмыстың мазмұны;
- Жұмыстың әсерлілігі;
- Жалпы қабылдау.

5. Байқауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Қатысушы байқауға өз суретін жібере отырып, фотоның авторы өзі екендігіне және ол ешкімнің авторлық құқығын бұзбайтындығына, сондай-ақ сурет бұрын ешқандай фотобайқауға ұсынылмағандығына және ешқандай басылымда/интернет-ресурста жарияланбағанына кепілдік береді.

5.2. Фотобайқауға қатысушылар авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуы бойынша жауапкершілікті өз мойнына алады. Байқауға қатысушының суреттеріне қатысты үшінші тараптан қандайда бір шағым түскен жағдайда қатысушы мәселені өз мүмкіндіктеріне сүйеніп, тиісті шығындарын өз есебінен жабу арқылы шешуге міндеттеледі.

5.3. Қатысушы байқауға өз суретін жібере отырып, байқауға қатысуға келісім беретіндігін және осы Ережеде көрсетілген байқаудың шарттарымен келісетіндігін растайды.

5.4. Қатысушы байқауға өз суретін жібере отырып,

Ұйымдастырушыларға болашақта өз фотоларын электронды және баспалы БА құралдарында, Ұйымдастырушының сайты (<https://akzhol.kz/>) мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында авторлық қаламақысыз және коммерциялық емес мақсатта шектеусіз көлемде пайдалануға келісім береді. Ұйымдастырушылар фотобайқауға қатысушының суретін әрбір қолданған кезде автордың аты-жөнін тиісті талаптарға сәйкес көрсететін болады.

5.5. Байқауға жіберілген суреттер келесідей жағдайларда фотобайқауға қатыстырылмайды:

- фото байқаудың тақырыбына сай келмесе;
- суреттің шығармашылық және техникалық сапасы нашар болса;
- фото эротикалық мазмұнда болса, сондай-ақ суреттерде зорлық-зомбылыққа, нәсілдік және діни төзбеушілікке шақыру белгісі байқалса;
- анонимді (автор туралы нақты әрі шынайы ақпарат берілмесе) болса.

5.6. Ұйымдастырушылардың тиісті сапалық және техникалық талаптарға сай келмейтін суреттерді авторға себебін түсіндіруге байқауға қатыстырмауға құқығы бар.

5.7. Байқауда жүлделі орын алған фотосуреттерді ұйымдастырушылардың өз сайттары мен әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында жариялауға құқығы бар.

6. Байқаудың өткізу мерзімі

6.1. Қатысушылар өтінімді <https://forms.gle/RVRdJTvBmmheQPm69> сілтемесі арқылы тапсырып, фотожұмыстардың электрондық нұсқаларымен жарияланған уақыттан 2021 жылдың 25 қазанына дейін тапсырады.

6.2. **Жұмыстарды қабылдау мерзімі:** 2021 жылдың 25 тамыз – 25 қазан аралығы.

6.3. Жұмыстарға дауыс беру «Ақ жол» партиясының ресми сайтында <https://akzhol.kz/fotokonkurs-2/> сілтемесі бойынша **25 қазаннан – 25 қарашаға дейін** жүргізіледі. Дауыс беру нәтижесі бойынша ең көп дауыс жинаған 20 жұмыс байқау комиссиясының бағалауына жіберіледі.

6.4. Қорытынды **2021 жылдың 25 қарашасында** шығарылады және Байқау жеңімпаздары марапатталады.

6.5. Қазылар алқасының шешімі соңғы шешім болып табылады. Қазылар алқасы ұсынылған жұмыстардың қайсысы фотокөрменің экспозиция құрамына енетінін анықтауға құқығы бар.

7. Қорытындылау

7.1. Байқаудың жеңімпаздарын тәуелсіз кәсіби сарапшылардан тұратын қазылар алқасы анықтайды;

7.2. Байқаудың жалпы жүлде қоры **2 500 000 теңге**.

Бас жүлде 1 000 000 теңге

Фотобайқаудың басқа жеңімпаздарына дипломдар мен ақшалай сыйлықтар беріледі.

7.3. Байқау нәтижелері қазылар алқасының шешімімен бекітіліп, «Ақ жол» демократиялық партиясының ресми сайты мен әлеуметтік желілерде жарияланады:

<https://akzhol.kz/>

<https://www.facebook.com/aqjolphartiyasy/>

https://www.instagram.com/akzhol_partiyasy/

7.4. Байқау жеңімпаздары анықталғаннан кейін Ұйымдастырушы жеңімпаздарға фотобайқау нәтижесін электронды пошта арқылы хабарлайды.

7.5. Байқау жеңімпаздарының жұмыстарымен фотокөрме ұйымдастырылады. Фотосуреттер республикалық «Қазақ үні» газетінде жарық көреді.

7.6. Жеңімпаздар жүлделерін алу үшін Байқаудың жеңімпазы атанғаны туралы хабарлама алғаннан кейінгі отыз күннің ішінде Ұйымдастырушының мекен-жайына өздерімен бірге төлқұжаттарын ала келуі тиіс. Жеңімпаз марапатын алуға өзі келе алмайтын жағдайда, жүлдеге сенімхатта аты-жөні көрсетілген өкілі арқылы немесе ұйымдастырушының электронды поштасына (press-akzhol@mail.ru) өз төлқұжатының көшірмесін, банктегі есеп-шотының нөмірін және нақты пошта адресін жіберу арқылы қол жеткізе алады.

7.7. Жеңімпаздар осы Ереженің 7.6. тармағында көрсетілген талапты орындамаған жағдайда сыйлыққа ие болу құқығынан айырылады.

7.8. Егер жеңімпаз Ұйымдастырушыларға банктегі есепшотының нөмірі мен пошта адресін жіберуде қателікке жол беріп, нәтижесінде сыйақы мен сыйлық оған жетпесе, Ұйымдастырушы марапатты жеткізуде өз міндеттерін толық орындаған болып есептеледі.